

Основная задача духовно-нравственного развития личности будущего педагога – это развитие гармоничной, творческой личности с активной жизненной, духовно-нравственной позицией. Подготовка и готовность будущих учителей к духовно-нравственному развитию школьников в системе профессионального педагогического образования Казахстана рассматривается как профессионально значимое качество будущего учителя, проявляющееся личностными свойствами, необходимыми умениями, навыками, знаниями.

Таким образом, изучение актуальности взглядов Ыбырая Алтынсарина на роль учителя в духовно-нравственном воспитании личности в рамках празднования 180-летия педагога позволяет заново и в новом масштабе оценить творческий потенциал Алтынсарина, использовать его знания и педагогическую целостную и оригинальную систему на этапе современности и в будущем.

Список литературы:

1. Назарбаев Н.А. Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания // Статья Главы государства «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», 2017. URL: https://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya
2. Назарбаев Н.А. Семь граней Великой степи // Назарбаев Н.А. Семь граней Великой степи, 2018. URL: <https://www.akorda.kz/ru/events/statya-glavy-gosudarstva-sem-granei-velikoi-stepi>
3. Алтынсарин И. Избранные произведения. – Алма-Ата.: АПН, 1957. – 466 с.
4. Ситдыков А.С. Педагогические идеи и просветительская деятельность И.Алтынсарина. – Алма-Ата.: Мектеп, 1968. – 148 с.
5. Алтынсарин И. Избранные произведения. – Алма-Ата.: АПН, 1943. – 357 с.
6. Ахметова А.И. Идеи социального воспитания в трудах И.Алтынсарина // Алтынсаринские чтения «Развитие национальной системы образования в условиях глобализации». – Мат.междунар.науч.-практ.конф. – Алматы: НАО им. И. Алтынсарина 2017. – 280 с.
7. Уразбеков А. Этические воззрения Ибрая Алтынсарина. – Алма-Ата : Наука, 1974. – 111 с.

Ы. АЛТЫНСАРИННИҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ – ҚАЗАҚ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Адиятова Ализа Тулепбергеновна,
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай ауданы білім бөлімінің Тобыл қаласы мектеп-гимназиясы» КММ
педагог-зерттеуші,
Салыкова Асель Дарияновна,
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің № 8 жалпы білім беретін мектебі» КММ
педагог-зерттеуші,
Шинтимирова Айнагуль Ергельдиновна,
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Ұзынкөл ауданы білім беру бөлімінің № 1 Ұзынкөл жалпы білім беретін мектебі» КММ
педагог-зерттеуші,
Жангужин Жанибек Жумабаевич,
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Әулікөл ауданының Н. Островский атындағы
Аманқарағай жалпы білім беретін мектебі» КММ
педагог-модератор

Аннотация

Өзектілігі: Ұлы ұстаздың жазушылық, ақындық, аудармашылық қабілеті – бүгінгі жастарға үлгі. Сонымен бірге оның публицистикалық мақалаларының да маңызы орасан зор.

Мақсаты: Ыбырай Алтынсариннің публицистік, этнографиялық мұрасын зерделеп, талдау жасау.

Түйінді сөздер: мақалалар, еңбектері, жарияланған, тарихы, қазақ халқы, адам рухын, заман.

Аннотация

Актуальность: Учитель, писатель, поэт, переводчик – личность, которая является примером для молодежи. Также большое значение имеют его публицистические статьи.

Цель: Изучение и анализ публицистического, этнографического наследия Ибрая Алтынсарина.

Ключевые слова: статьи, труды, публикации, история, казахский народ, духовность человека, время.

Abstract

Relevance: Teacher, writer, poet, translator-a person who is an example for young people. His journalistic articles are also of great importance.

Goal: Study and analysis of the journalistic and ethnographic heritage of Ibray Altynsarin.

Keywords: articles, works, publications, history, Kazakh people, human spirit, time.

Ұлттық сана тұлғалар тағылымы мен ұлттық тәрбие арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады. Қазақты тарихта сақтап қалған дүние – ұлттық сана, ұлттық сананың рухы. «Рухы өр, тәні бекем, бір қайсар халықтың» ұрпағы екенімізді мақтанышпен айта аламыз. Еліміздің тарландарының өнегелі істері ұлттық білімді, ұлттық сананы күшейтіп, өткен ғасыр басында халықты қауіп-қатерден сақтауға қызмет етті. Алаш зиялылары 1913 жылы «Қазақ» газетінің алғашқы сандарында жарияланған «Қазақ тарихы» мақаласында: «Қазақтың шаңырағында әр үйдің отағасысы, әр ауылдың ақсақалы – тұрнып тұрған бір шежіре. Бұрынғы өткен кеткеннен естіген – білгені болса, кейінгі жастарға соның бәрін айтып отырады», – деп жазған.[1, б. 16].

Халқымыз біртуар перзенті Ыбырай Алтынсариннің саналы ғұмыры ел игіліне арналған. Ұлы ұстаздың жазушылық, ақындық, аудармашылық қабілеті – бүгінгі жастарға үлгі. Ағартушы халқымыздың бойындағы қасиеттерді әңгімелеріне арқау етіп, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге шақырған. Ыбырай мұраларының ішінде толық зерттелмей келе жатқан еңбегі – 1880-1882 жылдары «Оренбургский листок» газетінің бетінде жарық көрген мақалалары.

Торғай өңірінің өзекті мәселері мен қазақ халқының өміріне қатысты материалдар сол кезде шығып тұрған қазақтың құлағы, көзі һәм тілі болған «Тургайская газетада» жарық көрген. Өкінішке орай, аталған газеттің таралымы аз болған. 1887 жылдан бастап, көшпелі халықтың тұрмысын, ел тарихын жетік білетін көкірегі ояу, көзі ашық жандар құнды материалдары жарияланып отырды.

Қазақ халқы ұл балаға ертеңгі абыройлы әке, елін қорғайтын батыр, ұлтының қамын ойлайтын еңбексүйгіш перзент ретінде тәлім-тәрбие берген. Сондай көпшілік қамын ойлайтын, ел тарихына қанық әрі қазақ тұрмысын жетік білетін халқымыздың игі жақсылары өз еңбектерін газет беттеріне жариялай бастады. Халқымыздың перзенті «Оренбургский листок» газетінің редакторымен достық қарым-қатынаста болған. Ефимовский-Мировицкий Ыбырайдың халқына деген қамқорлығына әрі журналист ретінде шеберлігіне сүйсінген. Редактор мақаласында туған халқын жан – тәнімен сүйетін, орыс тілін бес саусағындай білетін адам ауадай қажет екенін тілге тиек еткен. Алтынсариннің ағартушылық қызметке аңсары ауып тұратынына көзі жетіп, халқына деген шексіз махаббатына тәнті болған И.И. Евфимовский- Мировицкий Ыбырайдың газет беттеріне өзекті тақырыптарға қалам таруына мүмкіндік береді. Бұнда орыс переселендерін қазақ жеріне қоныстандыру мәселесі, халықтың құнарлы жерлерінен ығыстырылып, шөбі шүйгін жайылымдарынан айырыла басталуы көтерілген.

1864 жылғы хатында ағартушы былай деп жазды: «Қызмет бабы бойынша мен байлармен жиі қақтығысып қаламын. Маған жамандық ойлайтындар лауазымды адамдар арасында да бар. Олар қорғансыз кедейлерді арсыздықпен талап-тонауда...» Ы. Алтынсарин патша өкіметінің жергілікті халыққа қысым жасайтын жүгенсіз саясатын айыптап отырды. Оған 1880 жылы «Оренбургский листок» газетінде жарияланған мақалалары айқын дәлел. [2, б 70] 1868 жылы Ыбырай Торғай уездік басқармасында іс жүргізуші болып қызмет атқарады, уезд бастығының көмекшісі болады. Қазақ ауылдарын-

да жиі болып, халықтың мұң-мұқтажын жақсы білген қызметші ауыл старшындарын сайлау барысында көрген әділетсіздік пен паракорлыққа қарсылық білдіреді. Халқықтың мұңын, ел мұқтажын халықтың ішінде көрген ұтымды. Қоғамда болып жатқан нәрсеге биіктен үңіліп, оңтайлы шешім табу мүмкін емес. Алтынсарин тікелей елдің мәселесін көтеріп, оны шешудің тиімді жолын халықпен бірлесіп іздеген. Соның салдарынан байлар тарапынан айыптау хаттар мен шағымдар түскені белгілі.

Оренбургский листок» газетінде жарияланған тырнақалды еңбектерінде өзін толғандырған мәселе – байырғы қазақ жеріне орыс казактарының қоныстануына тағы тоқталады. 1879-1880 жылдары жұт кезінде мал мың-мыңдап қырылған. 1880 жылы жарық көрген мақаласында автор қылышын сүйретіп келген қыста зардап шеккен халқымен біріге мұңаяды. [3, б 215] Өзекті проблемаға тоқталып қана қоймай, тығырыққа тірелген халыққа жол көрсетіп, жөн сілтейді. Дәлірек айтсақ, публицист малшылардың отырықшылыққа көшіп, жем-шөп дайындау қолға алынса, төрт түлік мал қыстан күйлі шығарын аңғартады. Сонымен бірге бірден қазақтарды жаппай отырықшылыққа көшіру саясаты «ғасырлар бойы қалыптасқан өмір салтын күйретіп, мыңдаған жылдық тарихы бар көшпелі өркениет қиратылғанын» алға тартады.

Ол қазақ халқының көшпелі тұрмысқа негізделген өмір салтын бірден жойып жіберуге қарсылық танытты. Отырықшылық саясатының қажеттілігін көшпелі халыққа түсіндіруге тырысты. «Әрбір халық прогресті жолмен дами отырып, ақыр аяғында көшпелі салтпен отырықшылыққа айналуға тиіс», – деген тұжырымы Ыбырай – публицист ойларының өміршендігін көрсететін дәлел. «Қазақ даласындағы ашаршылық жайында» деген мақаласында, жұт болып, аштық жайлаған қазақ халқының аянышты халін суреттей келіп, публицист патша үкіметінің отаршылдық саясатына ашық қарсы шыққан кезі де болды. В. Катаринскийге жазған хатында, құнарлы жерлерді тартып алып, күштеп отырықшылыққа енгізу саясатын сынға алып: «Осындай ерсі жобаларды оқығанда және естігенде, салың суға кетеді. Сондықтан қолайсыздау істеп отырғанымды біле тұрсам да, өзімнің оған қарсы екендігімді білдіруге бел байладым», – деп патшаның отарлау саясатына ашық қарсылық білдіреді. Жалпы Ыбырай публицистикасына тән қасиеттердің бірі – батылдық, өткірлік деген ойдамыз.

Алтынсарин өзінің біраз еңбектерінде қазақ халқының сал-дәстүрлерінің ерекшеліктерін зерттеп, этнографиялық очерктер жазған. Оның еңбектерімен танысқан орыс қауымы «Қазақ осы құда бол деп қинайтын, құдаларын құдайындай сыйлайтын» деген сөздің мәнін жете аңғарған болар. Той – думансыз оты түзу жанбайтын халықтың өмірінде құда түсу, қыз ұзату әдет-ғұрыптары дәстүрлі қазақ үйлену тойының маңызды бөлігі болып табылады. Сондықтан адам өміріндегі бұл қадам Алтынсарин назарынан тыс қалмаған. 1870 жылы автор қаламынан туған «Орынбор ведомствосы қазақтардың құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлерінің очерктерінде» «бел құда», «бесік құда» ұғымдарының мәнін ашып, бірін-бірі білетін адамдардың құда болуы жас отбасы жарастығына ықпал ететінін тілге тиек етеді. Автордың пікірінше, бірін-бірі танытын адамдар балаларын да жылы қабылдайды. Айрандай ұйып отырған жанұя, берекелі отбасы- ел берекесі екенін меңзейді. Тіл мен діннен, салт-дәстүрден айырылған халық құрдымға кетері анық. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отыратын әдет-ғұрпымыз арқылы қазақтың бойындағы асыл қасиеттер – ізгілік, адамгершілік, рақым қоса жалғасады. «Бір жылдығын ойлаған бидай егеді, он жылдығын ойлаған тал егеді, мың жылдығын ойлаған ізгілік егеді» деген халқымыз отбасында жас ұрпақ пен аға буын арасында, жақын, ағайын-туыс қарым-қатынасы арасындағы асыл қасиеттердің маңызын түсінген. Осы қағиданы ұлтының бойына сіңірген дана перзентіміздің көрегендігі осында жатыр.

Өмірден өткен адамның рухын құрметтеу, оны еске алып құран бағыштау – халқымыздың ата-бабаларын ардақтауы. Әдеби шығармаларда Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасында Сағынай асына, Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романындағы Бөжей асына жұрт жан-жақтан ағылып келіп жатқанда, қонақтарды ауыл болып қарсы алған

жандардың ынтымағы мен бауырмалдығы айтпаса да түсінікті. Ас беру рәсіміне қарай отырып, сол заманда қайтқан адамдарды қадір тұтып құрметтейтін және ұмытпағандығының белгісі ретінде арнайы ас рәсімін өткізген. Алтынсарин де бір жағадан бас бір жеңнен қол шығарып, қиындықты бірге бөліскен бауырластықты «Орынбор ведомствосы қазақтардың өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрлерінің очерктері» еңбегінде дәріптеген. Дүниеден өткен бай, атақты адамдардың құрметіне ас беру рәсімі сөз болатынын жазады. Онда ат жарыс, көкпар, палуандар күресі болады. Ас тарқарда қаралы белгілер алынып, ауыл бұрынғы қалпына келтірілетіні, өлген адамның қолданған заттары мен киген сәнді киімдері құда-құдағилар мен құрбы-жолдастарына үлестіріліп, бұл өлген адамдардың жағымды қасиеттері көпшілік жұртқа тарасын деген ырымнан шыққаны баяндалады. Әсіресе, ауқатты қазақтар өлгенде, жылына қора-қор қой, үйір-үйір жылқы сойылып, ат бәйгесі мен балуан бәйгесіне көп қара мал, алтын-күміс жамбы тігілетіні, мұның өзі бәленшенің асы осындай аста-төк болып еді деп, бірнеше жыл бойы мақтан қылып, айтып жүру үшін жасалатынын, орынсыз шығын, ысырапшылдық – бес дұшпанның бірі екенін ескертеді. [4, б 15] Сондай-ақ, аты бас бәйге алып, озып келген адам мен күрестен жеңген балуанның бәйгелерін, олардың таныстары, туыстары үлестіріп әкететінін келтіре отырып, қазақтың бойындағы атаққұмарлық пен даңғойлықты шенейді.

Орыс География қоғамының ұсынысы бойынша қазақ халқының салт-дәстүрі, әдет-ғұрпына байланысты жиналған еңбектері орыс зиялы қауымы тарапынан жоғары бағаға ие болған. 1868 жылы педагог-ғалымның шығармалары баспасөз бетінде жарық көрген соң, оған В.Плотников: «Қазақ халқының тарихы мен этнографиясының бай материалдарын қамтыған, осы халықтың өмірінің тұрмыс ерекшеліктерін жан-жақты кең сипаттайтын бұл мақала үлкен қызығушылық туғызып, адамды баурап алады», – деп сын-пікір жазған. Бұл зерттеулер Ыбырай Алтынсариннің қазақ халқының салт-дәстүрлерін жетік білетін және сол ғұрыптардың елдің тұрмыс-тіршілігіне, діни салт-санасына қарым-қатынасын жете бағалайтын білімдар кісі екенін айқындайды.

Алтынсариннің «қазақ хрестоматиясы»- көпшілікке арналған публицистика және көркем әдебиет шығармаларының жинағы, халыққа әртүрлі білім беретін энциклопедиясының ролін атқарды», – деп жазды профессор Х.Бекхожин. Алтынсариннің публицистикасы ағартушылық функцияны атқарды. Ыбырай 1862 жылы жазған хатында: «Қазақ халқы қарапайым, өнері жоқ халық. Бірақ қарапайымдылықтың өзінен де көп жақсылық табамыз. Қазақ халқы ұғымтал, ақылды, дарынды, бірақ оқымаған халық. Мәселеле оны ағартуда болып отыр», – деп жазған. [5, б22-28] Дәл осы ойлар оның көптеген публицистикалық шығармаларының алтын арқауы болды. «Қазақ хрестоматиясы» арқылы сол кездегі бүкіл қазақ білім нәрімен сусындады. Оқулықта жинақталған көркем шығармаларына адамгершілік, өнер-білімді насихаттау, отырықшылыққа көшу тақырыбын арқау еткен.

Алтынсариннің публицистік өнерінің өркендеуіне тосқауыл болған жайлар аз емес еді: халықтың сауатсыздығы, патшаның отаршыл саясаты.

«Ғылымды іздеп, дүниені көздеп, Екі жаққа үңілдім», – деген ағартушы замандасының сөзін қостап, озық елдердің тәжірибесінен ғибрат алуды меңзегені белгілі. Өнер-білімі дамыған елдерді үлгі етіп, халықтың игілігін ойлаған. Елдің келешегін ойлап, жұртының бақыты баянды болатын қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын заманды аңсаған асыл ұлымыздың жарғақ құлағы жастыққа тимеді. Сол көкірегі ояу, көзі ашық бабаларымыздың арқасында қазіргі таңда қасиетті тіліміз бен салт-дәстүрімізді сақтап, озық елдермен иық түйістіре алатын күнге жеттік. Себебі құнды еңбектер ата-бабаларымыздың көрген қиындықтарын ұмыттырмайды. Ұлы адамдардың шығармаларымен сусындаған ұрпақ тарихқа, туған еліне тағзым етіп, халқының, адамзаттың тағдырына бейжай қарай алмайды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – 16 б.
2. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар. – Алматы, 1955. – 70 б.
3. Ильминский Н.И. Воспоминания об Ибрае Алтынсарине. – Казань, 1891. – С. 215.
4. Алтынсарин И. Начальное руководство к обучению киргизов русскому языку. – Оренбург, 1871.
5. Хасанова С. Ыбырай Алтынсарин шығармаларының тілі. – Алматы, 1972. – 17-20 б.
6. Сулейменов Б. Проблема изучения научно-педагогического и литературного наследия Алтынсарина // Вестник АН Каз ССР. – 1967. – №1. – С. 22-28.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННЫҢ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ ТЕОРИЯЛАРЫНА ӨЗІНДІК КӨЗҚАРАСЫ ТУРАЛЫ

*Ақышева Балайым Жансейітқызы,
А.М.Горький атындағы гимназия
қазақ тілі, әдебиет мұғалімі
Айнабекова Ақмарал Сабитқызы,
А.М.Горький атындағы гимназия
қазақ тілі, әдебиет мұғалімі*

Аннотация

Өзектілігі: «Туған елге пайдалы іске қолдан келгенінше үлес қосу – әрқайсымыздың міндетіміз», – деп кеткен көреген ғұламаның сөзі де, ісі де әрқайсымызды өмірге құлшындырып, жаңа ғасырлардан жалғасын тапқан. Ы.Алтынсариннің XIX ғасырдың аяғында өзінің педагогикалық қызметінде ұстанған негізгі принциптері XXI ғасырға аяқ басқан, Қазақстанның қазіргі рухани-мәдени дамуында өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ. Керісінше, олар уақыт өткен сайын жаңа серпінге ие болып, дами түсуде.

Мақсаты: Ыбырай Алтынсаринның ағартушылық идеяларын зерттеу арқылы анықтау және қазіргі таңдағы білім беру үдерісімен байланысы мен үндестігін белгілеу.

Түйінді сөздер: көзқарас, ағартушылық, білім беруде, жаңашыл, мәселелері, педагогика негіздері, психологиялық жағдайлар, даму, кәсіби, қазіргі.

Аннотация

Актуальность: «Долг каждого из нас – служить своей стране сколько хватит сил и возможностей» – слова и дела одного из самых видных ученых казахского народа нашли продолжение в новом веке и заставляют нас думать. Основные принципы педагогики, которых придерживался Ыбырай Алтынсарин в конце XIX века нашли отражение в XXI веке. Они не потеряли своей актуальности в духовно-культурном развитии современного Казахстана. Наоборот, чем больше проходит времени, тем все сильнее набирают обороты развития те принципы педагогики, которых придерживался великий педагог Казахстана.

Цель: исследуя просветительские идеи Ыбырай Алтынсарина определить и выделить связь и созвучие современного образования.

Ключевые слова: отношение к образованию, просвещение, в образовании, новизна, проблемы, основы педагогики, психологические ситуации, развитие, профессиональные, современные.

Abstract

Relevance: «The duty of everyone is to serve his country as long as possible». Words and deeds of one of the most outstanding scientists of the Kazakh people were continued in the new century and make us think. The basic principles of pedagogics, which YbyrayAltynsarin adhered at the end of XIX century. They have not lost their relevance in the spiritual and cultural development of modern Kazakhstan.

Goal: On the contrary, the more time passes, the more and more the principles of pedagogics, which a great teacher of Kazakhstan held, are gaining momentum.

Keywords: attitude to education, education, in the system of education, novelty, problems, base of pedagogics, psychological situations, development, professional, modern.